


1 2006  
470 к

Әбу Сәрсенбайұлы

# КЕЛЕМ ҚАЙТЫП ЕУРОПАДАН...



60 лет Победы  
Ұлы Отан  
и Великой  
согьсы  
Победительной  
Жеңісіне  
60 жыл









А. 2006/470к

Әбу Сәрсенбайұлы



# КЕЛЕМ ҚАЙТЫП ЕУРОПАДАН...

60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
согьсы  
Отечественной  
Жеңісіне  
вогне  
60 жыл



“Санат” баспасы  
Алматы 2005 ж.

821.512.122-1

ББК 84 Каз 7-5

С 28

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Сәрсенбаев Ә.

С 28 Келем қайтып Еуропадан - Алматы: «Санат», 2005.-176 бет

ISBN 9965-664-23-4

Қазақстанның халық жазушысы, ақын Әбу Сәрсенбаевтың «Қайтып келем Еуропадан»... өлеңдері (1995) оқырмандармен қайта табысқалы отыр.

Онда майдангер ақынның Ұлы Отан соғысынан қайтып келе жатқанда Отанға, туған жерге, елге деген сағынышы жыр болып тогіледі. Жауынгерліктері одемі кестеленеді.

С  $\frac{4702250202-08}{416(05)-05}$  10-05

ББК 84 Каз 7-5

© Сәрсенбаев Ә. - 1995, 2005

ISBN 9965-664-23-4

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005

*Борышым көп мойнымда  
Әлі қолға алынбаған.  
Батырлардың өмірінен  
Дастандар көп жазылмаған.*

Әбу Сәрсенбаев

## **ДАСТАНДАР**

### **ШИЕ АҒАШЫ**

*«Ше б плакала Катерина,  
Да слъоз білш намае»  
Т. Шевченко*

1


Десант мінген танк келіп,  
Бау түбіне тоқтай қалды.  
Кідірді ме танкист, мүмкін,  
Машинаға су алғалы.


Күн тымырық ыстық еді,  
Біз бау ішін кеттік кезіп.  
Біраз ғана дем алғалы  
Терек түбін көлеңке ғып.

Көзге түсті шие ағашы –  
Биік баудың арасында.  
Мөлдіреген шиелері  
Бейне ұқсаған қан тамшыға.

Бау ішінде отырды ана,  
Ақ жібектей жайып шашын.  
Зар еңіреп, құшаққа алып,  
Өлдекімнің құлпытасын.

Мен ананың жанына кеп,  
Басымды иіп, сәлем бердім:  
– Кімдікі еді бұл құлпы тас?  
Анажан-ау, айтшы! – дедім.





Ана маған тіл қатпастан,  
Шие ағашқа көзін салды.  
Тұрғандай-ақ тамшы қандай,  
Шиелерді санағалы.

Мен ананың көзін қуып,  
Қарап едім шие ағашын:  
Бұтағынан көрдім оның  
Әлдекімнің бұрым шашын...

Сұрақтан кеп туды сұрақ,  
Мұнша ұзын неткен өрім?..  
Тұла бойым шіміркеніп,  
Тарылғандай көкірегім.

Ана орнынан тұрды-дағы,  
Бір сүйді де қара өрімді.  
Құлпытасқа көзін тігіп,  
Бастай берді әңгімені.

4

2

«Солдатсың ғой, білем, ұлым,  
Жолың алыс, уақытың тар.  
Саған талай ай бойына,  
Жазып алар әңгіме бар.

Әзір, бірақ, қысқаша айтам,  
Бөгемеске сені жолдан,  
Уа, жасаған, ұландардың  
Туғыза гөр айын оңнан!

Көрмеген ем өкшем қанап,  
Көпке дейін мен бишара,  
Орта жасқа келгенімде,  
Берді тәңірім бір қыз бала.

Ұзақ түнге ұйқы көрмей,  
Жас сәбиді бәу-бәуледім.  
Шыр етсе де мазам кетіп,  
«Не боп қалды, сәулем» - дедім.



Тарас сүйген ару ғой деп,  
Қыздың атын Катя қойдық.  
Қарт екеуміз кезек сүйіп,  
Жанымыздай мәпеледік...

Қидырмадық қарын шашын,  
Бейне судың құндызындай.  
Катерина болды менің  
Өмірімнің жұлдызындай...

Сұңғақ бойлы, сындарлы боп,  
Катям менің өсе берді.  
Жүзі жарқын күндей күліп,  
Қарақат көз мөлдіреді.

Бейне қырдың қызғалдағы,  
Он жетіге жетті жасы.  
Тізесіне түсті толқып,  
Қос бұрымды қолаң шашы.


Ана, ана – бәйтерек қой,  
Бұтағына алма тағар,  
Піскен қызыл алмамды кеп  
Кімнің қолы үзіп алар?!


Қызғандым мен жалғызымды,  
Жат қолына жіберуге.  
Тәңірі тілек берді ме әлде,  
Бір жас жігіт кірді үйіме.

Қыз мінезді бала екен,  
Жүрегіме жылы тиіп.  
Өз үйімнің адамындай  
Жігіт бізге кетті сыйып...

Тұз-дәмдері жарасты да,  
Бір күн олар басын қосты.  
Жайып жібек дастарқандар,  
Көтердік біз тойға тосты...

Ренжісіп көрмеді еш.  
Тату болды туған жандай.  
Мінездері сай келіпті.  
Жүрек бірге жаралғандай.





Кешке істен қайтқаннан соң,  
Күнде үйіміз болды базар.  
Ойналар ед жан азығы –  
Талай тәтті музыкалар.

Микола жан гармонь тартса,  
Кетер еді Катя билеп.  
Көлден ұшқан аққудайын,  
Үйіріліп, дөңгелеп кеп.

Жүрегіңді тербеп сенің,  
Шырқар еді кейде әнге.  
Қызыққандай тоқтай қалып,  
Тыңдар еді ай төбеде.

Ұзақ болғай, өмір-жасы,  
Қарақтардың дер едік біз.  
Мұндай тәтті махабатты,  
Тым-ақ сирек табарсыз сіз...

3

Кенет елге туды да лаң,  
Миколамыз жүріп кетті.  
Жан жүрегі Украина үшін,  
Алмақшы боп жаудан кекті.

Катя артта қала берді,  
Жанарында жас мөлдіреп.  
«Жиі-жиі хат жазып тұр,  
Қош, көргенше, Миколам!» - деп.

Катерина кетпекші еді,  
Миколаға бірге еріп.  
Сорға бола сорлы бала,  
Қалған екен жүкті болып.

Мен өзім де тоқтау бердім,  
Қимадым да жалғызымды...  
Өз қолымнан өшірдім-ау,  
Маңдайдағы жұлдызымды.

Сорлы қызым, қарға мені,  
Қарға мені, жасың төгіп.  
Солдырдым мен өміріңді,  
Өсірсем де өзім егіп.

Мезгіл сырғып өте берді,  
Ай дөңгелеп айды қуып.  
Ақ теректің жапырағы,  
Сарғайды да, түсті солып...

Селебесін қанға малып,  
Бір күні елге жаулар жетті.  
Қариям да кек іздеген,  
Қара орманға еніп кетті.


Катя екеуіміз үйде қалдық,  
Әйелміз ғой жолы қысқа.  
Арты бұлай болар деген,  
Ой келсейші мен байғұсқа.

Ай-күніне аман болды,  
Катерина мезгіл толып,  
Күттік келер нәрестені,  
Өткен сайын сағат соғып.

Бір күндері шыр етті де,  
Дүниеге келді ұлан.  
Бейне аузынан түскен дерлік,  
Айнысашы Миколадан.

Микола деп атын қойдық,  
Жаңа туған нәрестенің.  
Шомылдырдым өз қолымнан,  
Сақтап ескі өта жолын...

Күн-күн сайын уілдеді,  
Балғын бөбек қолға тұрмай,  
Құлыным-ай, неге тудың,  
Өлім үшін жаралғандай!..



Бүлдіршіндей қарашығым,  
Бала өсіп жасқа толды...  
Бір күндері біздің үйге,  
Шабдар шаштар кіріп келді.

Қорламақшы болды олар,  
Келекелеп ұл анасын.  
Катя жауға бермек пе еді,  
Миколаның махаббатын!

Үй ішінде басталды алыс,  
Астан-кестен болды дүния.  
Жау тұмсығын таспен соғып,  
Талқан етті Катерина.

Азғын сұмдар жабылып кеп,  
Катюшамның байлап қолын.  
Желкесінен қырқып алды,  
Сала құлаш қос өрімін.

8

Одан әрі не болғанын,  
Жеткізуге бармас тілім...  
Уа, айуандар, сыйласашы,  
Тым болмаса, ана жүзін!

Миколашым шырқырап кеп,  
Ұйқысынан тұрды шошып.  
«Әже, әжелеп» жылай берді,  
Моншақ жасы мөлт-мөлт етіп...

Жалғызымның арын жоқтап,  
Ұмтылдым мен пышақ алып...  
Шала-жансар талдырды да,  
Бағанаға кетті таңып...

Катюшамды арбаға сап,  
Әлдеқайда тарта берді.  
Миколаш пен қос өрімнің,  
Ұғылмады қайда екені...

Түн ішінде партизандар,  
Мен бейбақты босатты кеп...

Қоштасты да аттанды олар,  
Менің ана-кегімді іздеп.

«Қош, ұландар!»  
Кезіп жүріп,  
Таптым осы шие ағашын,  
Шыққыр көзім не көріп тұр,  
Немене бұл сорлы басым!?

Ана өрімін тұзақ етіп,  
Фашист сұмдар қорлап мені.  
Шие ағашқа кеткен асып,  
Күнәсіз жас нәрестені.

Тіл қанталап қошқыл тартқан,  
Аузы толы – қан көбігі.  
Кездей болып кеткен өсіп,  
Кеткен өсіп кеңірдегі.


Ана жүрек тілімденіп,  
Егілдім де еңіреп кеп.  
Құлынымды босатып ап,  
Осы араға қойдым жерлеп...


Мен бейбақ боп жалғыз қалдым,  
Айрылдым да ұл мен қыздан.  
Міне, екі жыл хат-хабар жоқ,  
Катюша мен Миколадан.

Бар ермегім - Шие ағашы,  
Шие ағашы мына тұрған.  
Шешкенім жоқ Катюшамның,  
Қос өрімін бұтағынан.

Гүл егіп жас қабіріне,  
Миколамды жүрмін бағып.  
Шие ағашы көлеңкелеп,  
Тұр сәбидің бетін жауып...

Кекті жердің шиесі ғой,  
Ұландарым,  
Татыңдар дәм.  
Кектеріңе рух болсын,  
Қан кешкенде қанжығадан».





Деді-дағы жұлып берді,  
Бізге шиє кәрі ана.  
Күреңіте мөлдіреген,  
Бейне ұсап қан тамшыға.

Біз шиеден ауыз тиіп,  
Анамызға бердік те қол,  
«Қайда ұрыс майданы?!» деп,  
Кеттік тартып батысқа жол!


Артымызда қала берді,  
Зәулім биік шиє ағашы.  
Кек туындай желбіреді,  
Катюшаның толқын шашы...


*Қр. Лиман,  
1943.*

# ҰЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙ

## ШАБУЫЛ АЛДЫ

Шабуыл алды.  
Таңға жақын.  
Қолыма алып,  
Дәрменімнің  
Ең ақырғы Жазған хатын  
Отырдым мен:  
Шомып ойға  
Окобымда,  
Жаздыкүні  
Талауратқан  
Қарап айға.  
Қандай ыстық.  
Хатың, қарғам?  
«Қош, жан әке!»  
Осы бір сөз  
Шықты-ау жүрек  
Қайнарынан.  
Көрер ме едім,  
Сол бір кезде,  
Тұрды ма екен  
Сағыныштың –  
Жас моншағы  
Келіп көзге.  
Я, ұлым!  
Неткен арман.  
Сарғылт нүкте  
Хат бетінде,  
Болар ма ыстық  
Жасың тамған?!  
Сағындым ғой,  
Жаным, Дәрмен,  
Жарқын бейнең  
Қөз алдымда  
Өшпес мәңгі  
Жүрегімнен!  
Тым ертерек,  
Сәби кезің,






Талпындың сен  
Маған қарап,  
Күндей күліп қара көзің!  
«Ә... Ә...» дедің,  
Тоқтық тартып,  
Мүмкін әлде,  
«Әке!» дедің,  
Мойныма қолыңды артып.  
«Әке! Әке!...»  
Неткен мақтан!  
Демек, демек:  
Мен әкемін!  
Сүй ұлыңды,  
Сүйсін, шаттан...  
Көктем,  
Суға салып «кеме»  
Көрдім сені,  
Күліп тұрған  
Ағынды өзен жиегінде.  
Ұқсаттым мен,  
Сені сонда,  
Кешіп жүрген,  
Океанды  
Отты жүрек капитанға.  
Күндей күлген,  
Жарқын көзің  
Аймағына  
Сыйғызғандай –  
Болды маған  
Әлем жүзін.  
Сүйсіндім мен,  
Осы кезде,  
Толқыны асау  
Өр кеудемде...  
Шалқып кетті  
Мақтаныштың  
Толқыны асау өр кеудемді.  
Күз еді ол,  
Әлі есімде,  
Сағат сегіз,  
Алып бардым  
Сені тұңғыш  
Мектебіңе...




«Қош келіпсіз,  
Сіздің ұл ма?»  
Болашақ,  
Жан инженері» -  
Деді, күліп  
Мұғалима.  
Шалқып кеттім,  
Күлдің сен де,  
Мақтаныштың  
Жас моншағы  
Іркілді де қалды, көзде...  
Қалам ұстап,  
Оң қопыңа  
Тұңғыш рет  
Жаздың ұлым:  
«А» әріпін  
Ақ қағазға...  
Бара-бара, Азаматым,  
Өз бетіңмен  
Әріп тізіп,  
Жаздың Ұлы Адам атын.  
Неткен бақыт,  
Неткен мерей?!  
Ұлым Адам  
Болды менің –  
Жүрегімде  
Күн күлгендей.  
Кенет шұбап,  
Ұшты аспанға,  
Бұл не?  
Қызыл ракеталар...  
Демек,  
Әмір шабуылға!

### КҮТПЕГЕН ХАТ


Зорға тыңды,  
Жаңа ғана  
Таң сәріден,  
Қызған айқас.  
Шомғандай қан  
Моншасына






Сүңгіп барад.  
Күн ұяға.  
Зор жеңіспен  
Бітсе де егес,  
Күңгір-күңгір,  
Құлақ шулап.  
Бүгінгі ауыр,  
Қанды күрес –  
Көз алдымнан  
Көтер емес.  
Тоқта, тоқта,  
Қалай еді?  
Тұтқиылдан,  
Найзасымен  
Көкірегімді түйрегелі  
Менен бұрын,  
Жау сермеді.  
Сақтаулы еді,  
Бұл кезде де,  
Сағынышты ұланымның  
Бейнесі  
Өз жүрегімде,  
Не ғып қиям,  
Оны өлімге?!  
Шыр еткендей,  
Болды күнім,  
– Мен кім?  
Өзі әкемін бе?! -  
Деп, ұлымды  
Қорғай бердім,  
Оған төнген  
Жауды сездім.  
Жау найзасын  
Қақтым төмен,  
Толып кетті,  
Көзім қанға,  
Мазағына қалай  
Көнем,  
Салып өттім тас  
Төбеден.  
Ажалды сұм,  
Құлап жатты,  
Демек, ұлым!

Аман қалдың!..  
Жау,  
Көтермей жерден басты,  
Өлді.  
Иегін бір-ақ қақты.  
Өмір шамым,  
Жас нәрісте,  
«Рақмет, әке!»  
Дегендей бір  
Күлді күндей  
Жүрегімде,  
Масаттанып,  
Күлдім мен де:  
Я, жеңіс.  
Солай, солай.  
Кенет сонша,  
Неге ұйтқыдың?  
Шіркін, жүрек,  
Бұның қалай?  
Тоқта  
Мені мазаламай!  
– Анау кім ол!  
– Хат тасушы.  
Болар, мүмкін,  
Маған да хат?  
Жазған шығар,  
Ұлым, не досы.  
Демек,  
Жүрек,  
Сырың осы?!  
- Маған бар ма?  
- Бар, әрине!  
- Әкел, онда, бер тезірек.  
Шымыр етті,  
Неге дене?  
Сезгіш жүрек,  
Соқтың неге?  
Мен асығып,  
Аштым хатты,  
Дір-дір қағып  
Буындарым.  
Көз алдымды  
Тұман басты







Хат жүзіне  
Төктім жасты.  
Жасым тыйып,  
Қайта үңілдім,  
«Кешір,  
Қайтыс болды ұлың...»  
Жоқ, жоқ, қате...  
(Мен сенбедім).  
Құндағында ол  
Жүрегімнің.  
Тек кеудеме  
Түсті басым...  
– Шын ба,  
Шын ба?  
– Қате,  
Қате!  
Жүрегімнен өшпек пе атың.  
Ең аяулым асыл затым?!

Қазір ғана  
Омырмап па ем  
Саған төнген жау найзасын,  
Жүрегімде сонда

Күлген,  
Қарашағым,  
Сен емес пе ең?  
Қолмен сүйеп  
Маңдайымды,  
Тек тұнжырап,  
Отырдым мен,  
Қарғадым,  
Хат жазған жанды.  
Қарауытып  
Қөздің алды.  
Секілді едім,  
Осы кезде,  
Мен жаралы  
Долы арыстан,  
От лаулап  
Жүрегімде.  
Өрт жалынға  
Шомды дене.  
Әттең, әттең,  
Әттең сонда,

Ажалдың бір қарақшысы  
Тұрса егер уысымда,  
Қалмас едім  
Еш арманда.  
Оттан да өктем,  
Өрт боп жанған,  
Жүрегімді алып қолға  
Неге,  
Неге тастамағам?  
Жау әлемін  
Етер талқан...  
– Я, арман,  
Шын өлген бе?  
Көрші окоптан,  
Көңіл айтып:  
«Жоқ, жолдасым!  
Қасіреттенбе,  
Деді,  
– Сақта жүрегіңде!»  
– Дұрыс солай,  
Мендік шешім:  
Тірі ұлым, .  
Мәңгі тірі.  
Мейлі өзгелер  
«Өлді!» десін.  
Жүрегімде сақтай берем  
Оның жарқын  
Жас бейнесін.  
Отыр едім  
Көзге жас ап,  
Ду етті жұрт:  
– Старшина!  
– Әкелген ғой  
Ыстық тамақ,  
– Құй көженді,  
– Бар ма шарап?  
Ұсындым мен  
Флягімді,  
– Сыбағамды  
Құйып жібер.  
Жұбатайын  
Көңілімді,  
Ұмытайын






Қасіретімді!  
Дедім.


Күлді старшина;  
– Сіз де шарап ішесіз бе?  
– Я, қуат берсін бойға  
Баста дереу шабуылға.  
Түсінді ол,  
Көмейімде  
Қандай сөздің қалғандығын,  
«Жоқ, солдатым,  
Қасіреттенбе,  
Уайым серік емес бізге»  
Деді,  
Ұсап ағамызға,  
Дертімді бір жеңілткендей,  
Шіркін, біздің старшина,  
Қамқоршы ғой  
Жанымызға.

### ӘНІКЕЙ, ОЛ МЕНІҢ ҰЛЫМ

Тағы да айқас,  
Таң алдында,  
Сабалап тұр  
Көктен жаңбыр.  
Бірақ солдат  
Жата алар ма?  
Кек жетелеп  
Барады алға.  
Шіркін, солдат  
Көнімдісің,  
Жоқ қой сенде  
Тыныш ұйқы,  
Мейлі күндіз,  
Мейлі кешің,  
Арналған тек Отан үшін.  
Қабақ шытпай  
Төзесің сен,  
Суыққа да,  
Ыстыққа да...  
Саз батпақты  
Кешіп келем,

Темір болса керек денем.  
Егер қазір,  
                    Болсам үйде,  
Тыңдап тәтті  
                    Жаңбыр үнін  
Тырс-тырс ұрған  
                    Тереземе,  
Жатар ем-ау  
                    Төсегімде.  
Не ұлымның,  
                    Ұйықтап жатқан,  
Жанына кеп  
                    Күліп тұрып,  
Ақырын ғана  
                    Оятпастан –  
Сүйер едім  
                    Маңдайынан...  
Содан кейін,  
                    Столыма  
Отырар ем  
                    Қалам алып,  
Жыр тізбектеп  
                    Ақ қағазға...  
Қазір кезек  
                    Саған, найза.  
Әлі есімде,  
                    Дәрменжаным,  
Тәтті ұйқыда  
                    Күліп сенің.  
Қолың созып,  
                    Талпынғаның  
«Шу, жануар,  
                    Арғымағым!»  
«Шу, жануар!»  
                    - Ұлым, ол не?  
Қанатты өмір –  
                    Арғымағын,  
Міндің бе сен  
                    Осы кезде,  
Әлде ілестің  
                    Буденныйге.  
Мен сүйсініп  
                    Құшақтадым,





Махаббатым бермей ерік,  
Жаудыраған  
От жанардың  
Екеуін де сүйіп алдым.  
Қызғанғандай  
Сонда сенен,  
Қарындасың  
Дереу қарғып,  
Тұрды да тез  
Төсегінен.  
Деді: «Жібер,  
Менің әкем».  
Жармастыңдар  
Маған кезек,  
Асыр салып  
Төсімде ойнап,  
Едің онда  
Сен естірек,  
Күлдің:  
«Бізде бір әке» деп.  
Қандай думан еді,  
Менің -  
Жас нәресте,  
Жандарыңды.  
Әлдилеген  
Сол бір кезім,  
«Жүрекке сен  
Жақын едің».  
Десем, егер  
Дәрменіме,  
Ашуланба,  
Жалғыз қызым,  
Кешір,  
Мені,  
Сөге көрме, Қарлығашым,  
Өкпелеме.  
Қазір сенсің  
Бар ермегім,  
Жүрегімде  
Бейнесі оның,  
Бұламашы  
Жасқа көзің,  
Жараланып